

## **2023-2024 оқу жылындағы әлеуметтік педагогтың жылдық есебі.**

Мектепте тамыз айында бекітілген өндірістік бүйрыққа сай мектеп әдістемелік бірлестік отырысында қаралып бекітілген әлеуметтік педагогтың жоспары бойынша келесі жұмыстар атқарылды.

2023-2024 жылға арналған жұмыс жоспарын дайындал, әдістемелік бірлестік отырысында қаралып бекітілді. Жылдық жоспар негізінде айлық, апталық жоспарлар жасалып, жоспар бойынша төмендегі жұмыстар жасалды.

2023 жылдың 1 қыркүйегінен бастап 1-4 сыныптың барлық оқушылары және 5-11 сынып аралығында көпбалалы және аз қамтылған отбасындағы 65 окушы тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Тегін ыстық тамақ ішетін оқушылардың тізімі жасалып бекітілді. Оқушылардың күнделікті тамақ ішүін мектеп медбикесі және әлеуметтік педагогтер Кап Қ мен Хамсызбай С бақылап отырды. Оқушылардың жеке құжаттарымен танысып, әр түрлі жағдайына қарай тізімін жасалды. Көпбалалы, түрмис жағдайы төмен, жартылай жетім және қамқорлыққа алынған балалардың әлеуметтік төлқүжатты жасалды. Мектеп бойынша баланың жалпы саны -293. Көпбалалы отбасындағы оқушылар саны 30 бала, аз қамтылған отбасындағы оқушылар саны 6 бала, жартылай жетім оқушылар саны 4 бала, қамқорлықтағы оқушылар саны 1 бала .

15 қазан күні әлеуметтік педагог «Баланың құқықтары туралы Конвенция» тақырыбында 7-10 сынып аралығында дәріс оқыды.

29 қазан Қамқоршылар күні. Мақсаты: Оқушылардың санасына мейірімділік, қайырымдылық ұғымдарын қалыптастыру, патронаттық тәрбиедегі балаларға, қамқорлықтағы балаларды ортага бейімдеу, оқушыларды кішіпейілділікке, бауырмалдыққа баулу. Мектебіміздегі бір қамкоршы оқушыға көніл бөлу мақсатында «Балага мейірім сыйла» атты сынып сағаты өтілді.

1-желтоқсан «Біз салауатты өмірді қолдаймыз»-СПИДке , наркоманияға карсымыз атты апталық ұйымдастырылды. Мектебіміздің кітапханашысы және медбике, мектеп психологи Мұтән Б, әлеуметтік педагог Кап Қ, Хамсызбай С ұйымдастыруымен 5-10 сыныптар аралығында пікірталас өткізіліп , бейнероликтер көрсетіліп , спид жайлы түсінік берілді.

2023 жылы желтоқсан айында аудан әкімінің шырша тойына мектебімізден 2 оқушы барды. Оқушыларға жаңа жылдық сыйлық үlestірілді.

Мектебімізде 2023жылы қантар мен ақпан аралығында «Қамқорлық» қайырымдылық акциясы бойынша айлық өткізілді. Акцияны өткізу барысында іс-шара жоспары жасалып, бекітілді. Акцияның мақсаты - оқумен қамтылмаған мектеп жасындағы балаларды анықтау, сондай-ақ материалдық көмекке мұқтаж көпбалалы, аз қамтылған отбасыларға, жетім және жартылай жетім,

қамкорлықта алынған балаларға әлеуметтік көмек пен қолдау көрсету. Әлеуметтік себептер бойынша сабактарға балалардың келмеуінің алдын алу.

#### **Міндегі:**

- жалпы орта білім алу үшін мектеп жасындағы балаларға жағдай жасау;
- дәлелсіз себептермен сабактарға ұзак уақыт бойы қатыспаған мектеп жасындағы балаларды анықтау және есепке алу;
- олардың сабактарға қатыспау себептерін анықтау;
- күнкөрісі тәмен және тұрмысы қолайсыз отбасылардан шықкан балаларға материалдық көмек көрсетуге бағытталған қайырымдылық қызметін жүзеге асыруға жұртшылықты тарту.

Акция өткізу барысында жағдайы тәмен отбасыдан шықкан балаларды, сондай-ақ материалдық көмек көрсетуге мұқтаж және әлеуметтік себептер бойынша сабакқа келмей жүрген балаларды анықтау үшін рейдтер жүргізді. Рейд нәтижелері бойынша әлеуметтік көмек көрсетуге мұқтаж отбасы балаларының тізімдері жасалды. Мектеп әкімшілігі тарарапынан толық емес окуға керек күрал жабдықтар берілді. Айлық іс-шараны ұйымдастыруға және өткізуге мектептің әлеуметтік педагогі мен қатар барлық сиынп жетекшілері қатыстырылды.

Көпбалалы, тұрмыс жағдайы тәмен, жартылай жетім және қамкорлықта алынған балалардың тізімі анықталды. Мектеп бойынша көпбалалы отбасындағы оқушылар саны бала, аз қамтылған отбасындағы оқушылар саны бала, жартылай жетім оқушылар саны бала, қамкорлықтағы оқушылар саны бала. Қамкорлықта алынған балалардың тұрмыс жағдайын мектебіміздің тәрбие ісі орынбасары Кап А, Мадышева Г.К, психолог Мұтән Б, әлеуметтік педагог Хамсызбай С және сиынп жетекшілерімен бірге тұрғын үй жағдайы зерттелді.

«Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын-алу» бағытында іс-шара жоспары жасалынды. Осы бағыт бойынша

5-10 сиынп оқушылар арасында әнгіме - сұхбат жүргізді. Онда қаралған мәселелер: 1. «Ата заңымызды ардақтайық» тақырыпта құқық пәні мұғалімі Шайдолда Н баяндама оқыса, 2-ші мәселеде әлеуметтік педагог Хамсызбай С «Тәртіп бұзушы және караусыз жасөспірімдерді жана әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы тәрбиені жандандыру» тақырыпта бейнебаян көрсетіліп, әнгіме жүргізді. Сабактан көп қалатын оқушыларды анықтап, сабакқа келмеу себептерін анықтау үшін, мектеп психологымен бірге үйіне барып, атанасымен кездесіп, сойлестік .

Жазғы сауықтыру лагеріне тегін жолдама берілді. Жазғы лагеріне көп балалы, азқамтылған, үздік оқушылар тізімі жасалды.

Әлеуметтік педагог: Кап К